



«Айгөлек» жеке балабақшасы

**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка»
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Шуақ» ортаңғы топ**

**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» жеке балабақшасы

Топ: «Шуақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2025-2026ж.ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.
	<p>Музыка тыңдау: Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдауға баулу. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамыту, ре,ми-ля,си диапазонында барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыкамен жүру,жүгіру,шеңбер бойымен бірінің бірі жүру және шашырап жүруді үйрету. Музыкалық аспапта ойнау:Музыкалық аспаптармен таныстыру.Сылдырмақ аспабының дыбысталуымен танысады. Күтілетін нәтиже: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды.Әнді ре-ля диапазонында ән айтады.Сылдырмақ аспабының дыбысталуымен танысады.</p>
Қазан	Тәуелсіздік және отаншылдық айы.
	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық жанрлар : ән,би,маршпен таныстыру. Ән айту:Әннің сөздерін анық айтуға үйрету. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Металлафон аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыка жанрлары:ән мен маршты,биді таниды.Әннің сөздерін дұрыс жіне анық айтады.Әуенге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды.Аспаптың дыбысталуын ажыратады.</p>
Қараша	Әділдік және жауапкершілік айы.

	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Әннің сипатын көңілді айтып жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспабы : сыбызғымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, сипатын түсінеді. Сыбызғы аспабымен танысады және ойнайды. Әннің сипатын береді , көңілді әуенді орындайды.</p>
Желтоқсан	<p>Бірлік және ынтымақ айы.</p>
	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, барабан, маракас) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту: Әнді созып айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Заттар мен заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір –бірден және жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: қоңырау аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар аспаптарының , музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажырата біледі, оларды атай біледі, дыбысталуымен танысады.</p>
Қаңтар	<p>Заң және тәртіп айы.</p>
	<p>Музыка тыңдау: Асатаяқ, тұяқ, сырнай аспаптарында ойналатын шығармаларды тыңдату. Аспаптардың дыбысталуын ажырата білуін жетілдіру.</p> <p>Ән айту: Әнді барлығымен бір қарқында әнді таза айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: маракас аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әнді қарқынына сәйкес топпен қосылып айтады. Музыкалық шығармалармен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді.</p>
Ақпан	<p>Жасампаздық және жаңашылдық айы</p>

	<p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Әннің мазмұнын түсіндіру.</p> <p>Ән айту: Әннің сөздерін анық айтып, ойнақы айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады, қимылдарын үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әннің сөздерін дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді)</p>
Наурыз	Тәуелсіздік және отаншылдық айы
	<p>Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді.</p>
Сәуір	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.
	<p>Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Педагогтің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына дағдыландыру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнауға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; сөздерді дұрыс және анық айтады.</p>

Бірлік және ынтымақ айы

Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының ,музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Аудио –бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Шығарманың дауысы(ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.

Ән айту: Әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарында ойнауды үйрету.

Күтілетін нәтиже: Әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады.